

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/GFEU2843>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/FNPN7149>

**\*Г. Б. Алимканова**

Торайғыров университеті,  
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.  
\*e-mail: [erema.19.01@mail.ru](mailto:erema.19.01@mail.ru)

## **ҚАЗАҚ ТҰРМЫС-САЛТ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ГЕНЕЗИСІН ЗЕРТТЕУДЕГІ Е. ТҰРСЫНОВТЫҢ РӨЛІ**

*Мақалада қазақтың көрнекті ғалымы, фольклортанушы, филология ғылымдарының докторы Едіге Дәрігүлұлы Тұрсыновтың фольклортану саласындағы өзіндік орны, ерекшелігі сөз болып, ғалымның «Қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисі» еңбегіндегі әдеби-теориялық құбылыстары талданып, баяндалады. Ғылыми ойға қозғау салған туындысы тұрмыс-салт ертегілерінің басқа ертегілер түрінен кеш қалыптасты деген пікірдің қателігін дәлелдеді және барлық түркі-моңғол, сонымен қатар көптеген әлем халықтарының фольклорлық материалдарын пайдалана отырып, тарих, тіл білімі, мәдениеттану, этнография ғылымдарына сүйене отырып, фольклорды кешенді зерттеу әдісін қолданды.*

*Фольклортанушының ежелгі дәуірдің фольклорын зерттеуінде этногенез мәселесі, сонымен қатар қазақ халқының тарихи түзілісі түркілік этногенезбен сабақтастықта қарастырылатыны қамтылған. Ғалымның қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисін алғашқы қауымдық қоғамдағы мифтік және тотемдік түсініктермен байланыстыра зерттегені талданады. Е. Тұрсыновтың тұрмыс-салт ертегілерінің сюжеттік құрамының толығы жолдары мен кейіпкерлер образдарын жан-жақты аша білетіндігі баяндалады. Мақалада фольклортанушы кейіпкерлер жүйесін, олардың генезисін, қызметін ежелгі дүниетанымдық көзқарастармен және тарихи өзгерістермен байланыстыра отырып зерттегені қамтылған. Едіге Тұрсыновтың аталған еңбегінде тұрмыс-салт ертегінің жанрлық ерекшелігін ғылыми дәйектілікпен анықтап беруі талданып, баяндалады.*

*Кілтті сөздер: тұрмыс-салт ертегілері, генетикалық мәселелер, ертегі дәстүрі, дуалистік мифология, дуалистік көзқарас, мифтік таным, сюжеттік оқиғалар.*

## Кіріспе

Фольклор – әр халықтың ғасырлардан сақталып келе жатқан, тереңге тамыр жайған, өткенге ой жүгіртіп, бүгінмен қауыштыратын мәдени бай мұрасының бірі. Фольклордың халықтың өмірі, тарихы, ой-санасы және әлемімен бірге дамып, жасасып келе жатқандығы бәрімізге мәлім. Әр халықтың ғасырлар бойы сақталып келген және сол халықтың төл ерекшелігіне қарай өзінше қалыптасқан фольклорлық мұрасы бар. Алайда генетикалық туыстығы бар немесе әлеуметтік, экономикалық жағдайлары ұқсас болып келетін халықтардың ертегі, аңыздарында тұрақты мотивтер мен сюжеттер ұшырасып отырады.

Қазақ халқының ертедегі заманнан бергі мол қазынасы әрі рухани азығы фольклор екендігі белгілі. Бай мұра ретінде оның шығармашылық үлгілері мен жанрлық түрлерінің мол болуында. Қазақ фольклоры арқылы халқымыздың табиғатын, жаратылысын барынша жете түсіне отыра, қызығушылықпен қабылдаймыз. Осы орайда ғалым, фольклортанушы, зерттеуші, филология ғылымының докторы, профессор Е. Д. Тұрсыновтың ғылыми зерттеу туындыларының орны ерекше, зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары ретінде қазақ фольклорының байырғы дәуірдегі жанрлары мен типтері, қазақ ертегісінің генезисі, жыраулық және айтыс дәстүрлерінің қалыптасуы, т.б. болып табылады. Едіге Тұрсынов қазақтың фольклор саласындағы бай қазынасын зерттеу үшін қажырлы еңбек қажет екенін барынша терең түсініп білген дарынды фольклортанушы ретінде танылып, қазақ фольклоры тарихының алғашқы ғылыми басылымын дайындады, ауыз әдебиеті мұраларының текстологиясы жұмыстарын атқарды. Қазақ әдебиетінде қыруар табысты еңбек атқарып, әдебиеттанушы әрі фольклортанушы ғалымның ғылыми мұрасының әдебиеттану ғылымы үшін ғибраты мол.

Едіге Дәріғұлұлы Тұрсынов – өзінің саналы өмірінің жарты ғасырынан астам уақытын ғылым мен шығармашылық жолына арнаған, ғұмыры әрқашан ізденіске толы болған талантты зерттеуші. Оқырмандар үшін, әсіресе ғылым жолын қуған немесе фольклортану саласын терең оқып, зерттеп білгісі келетіндер үшін ғалымның еңбектері сұранысқа ие.

Ғалымның өзіндік ғылыми әдісін эпостанушы, этномузыканттар, этнографтар, этнопсихологтер, фольклористер, әдебиеттанушылар сәтті қолданады, ал еңбектері мәдени мұрамыздың алтын қорына енген. Е. Тұрсыновтың ғылыми дарындылығы мен ерең еңбегі отандық ғылымның тәуелсіздігі мен ілгерілеуіне ықпал етті.

Едіге Тұрсыновтың пікірінше, генетикалық тамырларды зерттеуді бастамас бұрын кез келген фольклорлық құбылыстың шығу тегін, осы құбылыстың қазіргі жағдайы мен белгілі халықтың ауызекі шығармашылық

жүйесіндегі орнын анықтау қажет [1, 3]. Фольклор тарихын зерттеу барысында туыстас ғылымдардың археология, этнография, тарих, кейде этнопсихология мен лингвистика ғылымдарының деректерін есепке алмай, фольклорлық құбылыстарды ретроспективті-семантикалық саралау мүмкін емес.

Осыған байланысты Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, М. Бекімов, Б. Дауылбаев, Г. Потанин, А. Алекторов, А. Васильев, М. Ибрагимов, Н. Пантусов, А. Мелков, К. Халиди, С. Сұлтанғазин, Н. Жетпісбаев, М. Көпеев, М. Миропиев, Ә. Диваев, С. Сейфуллин, Ө. Тұрманжанов, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Н. Смирнова, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, М. Ғабдуллин, С. Садырбаев, С. Мұқанов сияқты жинаушылар мен зерттеушілердің жұмыстары үлкен рөл атқарды.

Қазақ фольклорының мағыналы әрі құнды еңбектері ретінде Едіге Тұрсыновтың «Қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисі» (1973), «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» (1976), «Кочевники. Эстетика (Познание мира традиционным казахским искусством)» (1978), «Казахские сказки о животных (Легенды, предания, бытовые предания, рассказы и сказки)» (1983), «Жаурыншы – прототип жырау» (1995), «Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау» (1999), «Древнетюркский фольклор: истоки и становление» (2001), «Истоки тюркского фольклора. Қорқыт» (2001), «Атамекен. На земле предков» (2002), «Происхождение носителей казахского фольклора» (2004) басылымдарының орны ерекше.

### **Материалдар мен әдістер**

Фольклортануға өзінің жинаушылық, жариялаушылық әрі зерттеушілік істерімен айтарлықтай үлес қосқан Е.Тұрсыновтың «Қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисі» еңбегі назарға алынды. Мақаланың материалы ретінде ғалымның фольклортану саласына қатысты жазылған зерттеулері, монографиялары, ғылыми еңбектері алынды. Зерттеу мақсаты аясында «Қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисі» туындысына шолу жасау, сұрыптау, салыстыру, жүйелеу мен талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Едіге Тұрсыновтың «Қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисі» еңбегінде қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің шығу тегі, қазақ ертегі дәстүрінің түркі-моңғол ертегі дәстүріне қатынасы, тұрмыс-салт ертегілерінің генетикалық мәселелері мен қарабайыр фольклор жанрларымен генетикалық байланысы мәселелері қарастырылады. Кітапта түркі-моңғол халықтарының фольклоры мен этнографиясы, сондай-ақ тарих, археология, дін тарихы туралы мәліметтер қолданылады. Сонымен қатар Сібір, Солтүстік Азия, Австралия, Оңтүстік-Шығыс Азия және Африка халықтарының фольклоры мен этнографиясынан типологиялық деректер келтірілген.

Ғылыми ойға қозғау салған еңбегінде автор қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисін алғашқы қауымдық қоғамдағы мифтік және тотемдік түсініктермен байланыста зерттеп, ертегінің жанраралық түрлерін, кейіпкерлер образдарын жан-жақты зерттеді.

Ғалымның пікірінше, тұрмыс-салт ертегілері ертегінің басқа түрлерінің өзгеруі негізінде емес, басынан бастап ол жануарлар мен қиял-ғажайып ертегілермен қатар пайда болды және дамыды. Тұрмыстық ертегі кенже жанр емес, ол ертегінің өзге түрлерімен бір дәуірден басталады және олармен қатар дамиды [2, 198].

Автор тұрмыс-салт ертегілерінің кейіпкерлер жүйесін ғана емес, кейіпкерлер типтерінің генезисі мен функциясын жан-жақты талдап, саралап, бұл мәселені байырғы дүниетаныммен, сол кезде қоғамда болып жатқан тарихи және әлеуметтік өзгерістермен тығыз байланыста зерттейді.

Е. Тұрсынов алғашқы мәдениеттің гүлденген кезеңі жоғарғы палеолит дәуіріне келеді деп есептейді. Бұл кезеңде тайпалық (немесе қауымдық) киелі орындар пайда болды, кескіндеме және би өнері дүниеге келді, драматургия бастаулары қалыптаса бастады, сөз өнері күрделі және алуан түрлі болды. Діни шығармашылықпен қатар, қарабайыр дәуірдің ауыз әдебиетінде тұрмыстық әңгімелер, әзілдер мен ертегілер, фольклордың ерекше жанрында әлі қалыптаспаған, сондай-ақ ертегілердің алғашқы үлгілері ерекше орын алды [2, 7].

Ғалымның пікірінше, тұрмыс-салт ертегілерінің генетикалық шығу тегі мәселесі осы уақытқа дейін қазақ фольклортануында этнография, тарих, археология және дін тарихы деректерін тиісті есепке алмай, дәстүр арнасында түсіндіріледі. Тұрмыс-салт ертегісі әлдеқайда кеш пайда болды деген түсінік қалыптасқан. Осы орайда ертегі жанрын зерттеген ғалымдардың пікірлеріне тоқтала кетейік. Мәселен, М. Әуезов жануарлар туралы ертегілер мен қиял-ғажайып ертегілерден кейінгі тұрмыс-салт ертегілерін қарастыра отырып, қиял-ғажайып ертегілерден тұрмыс-салт ертегілерге көшу іздерін сақтаған ертегілердің ерекше тобын бөліп көрсетеді [3, 53].

Қ. Жұмалиев тұрмыс-салт ертегілерін кеш жанр деп санайды және оларға жалпы ертегі дәстүрін дамытудың соңғы буындарынан орын береді [4, 11].

Н. С. Смирнова тұрмыс-салт ертегілерінің қалыптасуы екі негізгі бағытта жүрді деген пікірде. Біріншіден, дуалистік мифтердің сюжеттері мен кейіпкерлерінің, қарапайым тұрмыстық әңгімелер мен анекдоттардың тұрмыс-салт ертегінің сюжеттері мен кейіпкерлеріне ұзақ эволюциясы болды, екіншіден, алғашқы фольклордың эволюциясы мен өзгеру процесіне байланысты жануарлар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, шамандық аңыздар мен тұрмыстық әңгімелер сияқты фольклорлық жанрлар қатысты [2, 14].

А. Золотарев дуалистік мифологиядан сансыз ертегілер туады деп тұжырымдап, оларды екі топқа бөледі: бірі мейірімді, екіншісі зұлым, бақытты және бақытсыз, ақылды және ақымақ екі ағайынды туралы ертегілер. Екінші топқа күрделі, синкретикалық мазмұндағы көптеген ертегілерді жатқызады [5, 21].

Тұрмыс-салт ертегілері қазақ ертегілерінің ішінде тақырыбы жағынан алуан түрлі, тұрмыс пен салтқа байланысты туған ертегілер болып табылады. Бұл топқа кіретін ертегілерде алғашқы заманнан бастап, қазіргі уақытқа дейінгі халық өмірінің тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, сана сезімі мен арман мүддесі қамтылған.

Қазақ тұрмыс-салт ертегілерінде дуалистік мифологияның іздері сақталған. Дуалистік мифология түркі-моңғол халықтарының ежелгі ата-бабаларының мекендейтін жерінде адамзат қоғамының қалыптасу процесі жүріп жатқан алғашқы дәуірдің саңырау жаңғырығы. «Адам анайы шағында бала сияқты жанды, жансыз нәрсені айырмаған. Жанды да, жансызы да бірдей тіршілік ететін, бірдей өмір сүретін сияқты көрінген. Жансыз нәрселерді жанды деп таныған» [6, 279] деген А. Байтұрсынұлы сөзінің астарында мифтік таным жатқаны сөзсіз.

Қазіргі таңда мифті ақиқаттан алыс, қиялға жақын деп есептеу заңды құбылыс екені анық. Мифология дәлел мен белгілі теорияға сүйенбейді және таза күйінде де сақталып қалмаған. Миф – фольклорлық туындылардың, әсіресе ертегі жанрында жиі ұшырасатын әр халықтың таным-түйсігі, дүниетанымы. Мифологиялық сенім арқылы түрлі ертегілік кейіпкерлердің образдары пайда болды.

Ежелден-ақ ата-бабаларымыз бір бүтінді екі жартыға және бүкіл қоршаған әлемді екі қарама-қарсы категорияға бөлудің қарапайым ұқсастығын байқады, мысалы: суық және ыстық, қара және ақ, қатты және жұмсақ, түн және күн т.с.с. Мұндай қарама-қайшылық тайпалар, адамдар арасында да орын алды. Физикалық және рухани қасиеттері жағынан әртүрлі болды, егіз ағайындылардың бірі епті, шебер және мейірімді болса, екіншісі ебедейсіз, зұлым ретінде бейнеленген [2, 19]. Тайпалардың дуалды ұйымға сәйкес, өзара қоныстану тәртібі де болды, қарақойлылар батыста, ал аққойлылар шығыста қоныстанды. Ата-бабаларымыздың көзқарасы бойынша өлілер әлемі батыста болған. Батыс өлі және зұлым күштер әлемінің мекені ретінде түркілердің хикаялары мен ертегілерінде де кездеседі. Қазақ хикаяларының бірінде бас қаһарман батыс жағында орналасқан бейітке аяқ аттап, о дүниеге аттанады, батысқа қарай бет алып, досының қарсыласын өлтіреді, ақырында өзі қаза табады [7, 493].

Түркілердің наным-сенімдері мен ертегілері де тотемдерді жарық пен қараңғы деп бөлу туралы дуалистік идеялардың элементтерімен

ерекшеленеді. Е. Тұрсынов кыргыз ертегісінде көктегі ақ қошқар, түрік ертегісінде ақ және қара қошқарды мысал ретінде көрсетеді. Ертегіде батырға жер үстіне міну үшін ақ қошқарға отыруға кеңес беріледі, бірақ ол қателесіп, қара қошқарға мінеді де, онымен бірге жер түбіне түсіп кетеді [2, 22].

Ежелгі дуалистік мифология мен ұйымның іздері түркілердің шамандық көріністерінде де сақталған. Якут халықтарында жақсы рухтардың, атап айтқанда малдың пірі ақ бақсылар, ал зұлым рухтың сақтаушысы қара бақсылар болды. Тыва халқы бақсыларының сақтаушы-пірі де ақ, қара болып бөлінеді [8, 22].

Қазақ халқында да аталмыш түсініктер сақталғанын ғалым ақын, фольклор жинаушы Кенжеғали Ищановтың сөздерін дәлел ретінде келтіреді. Ақынның айтуынша, отызыншы жылдары Қостанай облысында Әбу деген бақсы өмір сүріпті. Бақсының Ақ тұйғын және Қара тұйғын атты пірлері болған-мыс. Ақ тұйғын мейірімді, тілалғыш, ал Қара тұйғын жалқау, тілазар көрінеді. Шамандық салт-жораларын орындау кезінде Әбу бақсы Қара тұйғынды жұмсағанда, ол тапсырманы орындаудан бас тартатын. Бақсы ашуланып, оның орнына тілалғыш Ақ тұйғынды жіберіп отырыпты. Сонымен бірге сол жерлерде Ізтілеу атты бақсы да өмір сүрген деген ақпарат бар. Шамандық рәсімдерді орындау барысында бақсының аузынан ақ-қара жыландар жорғалап шығыпты-мыс [2, 22].

Өзге түркі халықтары секілді қазақ халқында да ертеде дуалистік көзқарастардың болғаны даусыз. Дуалистік көзқарас қазақ ертегі фольклорында өз ізін қалдырды, барлық жерлерде конвергентті жолмен пайда болды және түрлі халықтардың ауызекі шығармашылығында дуальды ұйымның ерекшелігін көрсететін ұқсас мотивтер шеңберін тудырды. Солардың бірі лауазымдық даудың себебі.

Е. Тұрсыновтың зерттеуінше, үлкендік туралы дауға негізделген дуалистік мифтердің сюжеті қазақ сюжетінде әлдебір затты тауып алып, жасы үлкені олжасын алатынына келіскен адам мен шайтан бейнелері арқылы көрінеді. Шайтан дүниеге келгенде аспанның жұдырықтай болғанын айтады. Бұл сөздерді естіген адам жылап тұрғандай кейіп танытып, абдырап қалған шайтанға дәл сол кезде баласының бәйгеде аттан құлап қалғанын түсіндіреді. Шайтанның сөзі адам жанының ескі жарасына батқанын айтып, табылған зат адамға тиеді [2, 24].

Алдар көсе мен шайтан кейіпкерлері образдары қазақ фольклорының сюжеттерінде жиі орын алады.

Шайтан – жағымсыз сипатта болатын мифологиялық кейіпкер, әсіресе Алдар көсе туралы ертегілерде жиі кездеседі. Қай ертегіде болмасын бұл образ бас кейіпкерден ұтылып қалып, күлкіге ұшырап жүреді.



Алдар көсе бейнесі қазақ тарихында түркілік дәуірлерден келе жатқан аңыз кейіпкері ретінде де, нақты өмірде болған адам ретінде де қарастырылады.

Демек, «Алдар көсе ертегі кейіпкерінің түрі және оның есімімен байланысты ертегілер мен мен анекдоттар циклі алдымен казактарда қалыптасты, содан кейін бұл кейіпкер бірқатар сюжеттер құрамында түрікмендерге, қырғыздарға және татарларға көшті», - дейді Е. Тұрсынов [2, 159].

М. Әуезов те Алдар көсенің көнеден келе жатқан күлдіргі алдағыш, мазақшы болып көрінегін кейіпкер екенін айтады. Алдар көсе туралы әңгімелер тек қазақ халқына ғана тән емес, сонымен бірге туыстас қырғыз, өзбек, түрікмен және қарақалпақ елдерінде кездеседі [9, 33].

Қазақ ертегілерінде, атап айтсақ, Алдар көсе жайлы ертегілерде шайтан бейнесі жиі кездеседі. Шайтан қазақ фольклорында ақымақ кейіпте келіп, Алдар көсеге мазақ болып, күлкіге ұшырап отырады.

Е. Тұрсынов еңбегінде Алдар көсе мен шайтан кейіпкерлерінің образын ашу үшін бірнеше мысалдар келтірілген. Боранқұл Әбеновтен жазып алған «Алдардың шайтанды тағы бір алдағаны» деген жазбасында шайтан мен Алдар ет асып, алғашқы ретте Алдар етті ұзақ пісіріп, жұмсартып тастап, сілікпеге айналдырады. Шайтанға тек сүйектері тиеді. Келесі жолы ет асқанда Көсе бір рет қайнатып, ақымақ шайтанды аш қалдырады [2, 27]. Мұндай сюжет моңғол фольклорында және грек мифологиясында Прометейдің Юпитерді алдайтын сюжеттерінен кездестіруге болады.

«Among the features of North American cosmogonies, the motive of the characters dispute about which of them is older deserves special attention. In North America, it is found both in Hidatsa and mandan, as well as in other traditions with pronounced dualism, primarily in the Southwestern» [10, 333]. Солтүстік Америка ертегілерінде де кейіпкерлердің қайсысы үлкен екендігі туралы дау-дамайдың мотиві ерекше назар аударуға тұрарлық.

Алдар көсе мен шайтан және адам мен ақымақ дәу туралы ертегінің сюжетінде сатиралық элементтің күшейтілгенін сараптайды. Қиял-ғажайып элементтері бар сюжеттер тұрмыс-салт ертегілеріне жатады деп санайды [11, 15].

Жоғарыда келтірілген мысалдардан көрініп тұрғандай, дуалистік мифтерге тікелей қатысы бар тұрмыс-салт ертегілерінің сюжеттері әлі жанрлық жағынан толық сараланған жоқ. Атап айтқанда, бас кейіпкердің дұшпаны ретінде шайтанның образы рөл атқарады, бұл шығарманың тұрмыс-салт ертегілерге қарағанда қиял-ғажайып ертегілерге жақын екенін көрсетеді. Екінші жағынан, сюжеттер негізінен бір эпизодтық құрылымға ие, оқиғалары күтпеген жағдайға негізделген, осы белгілеріне қарай анекдоттарға ұқсас.

Тұрмыс-салт ертегілерінің сюжеттерінің негізі дуалистік мифтер мен оның ыдырау дәуіріндегі дуалистік қоғамдағы әлеуметтік тұрмыстық жағдайлардан туындаған күнделікті әңгімелердің сюжеттері болды.

### **Қорытынды**

Е. Тұрсыновтың тұрмыс-салт ертегілерінің генезисі жайлы зерттеулерін саралай келе, дуалистік мифтер алғашқы фольклорда күлкілі жағдайларды бейнелеу, айла-шарғы жасаушылық дәстүрін тудырды деген қорытынды жасауға болады. Қалыптасқан тұрмыс-салт ертегілері дуальды-мифологиялық баяндау дәстүрінен мынадай белгілерді алды: адамдарды кейіпкер ретінде таныстыру; кейіпкерлер түсетін күлкілі жағдайлардың дәстүрі. Бұл процесті дуалистік миф пен тұрмыстық әңгімелерден тікелей алу деп түсінбеу керек, өйткені аталған белгілерге сүйене отырып қалыптасқан ертегі өз арнасында сюжеттік оқиғалар құрып, кейіпкерлерін енгізді.

Олай болса тұрмыс-салт ертегі жанры түркі-моңғол халықтарының алғашқы тайпалар шығармашылығынан бастау алады. Негізгі сюжеттері дуалистік мифтер мен оның ыдырау дәуіріндегі дуалистік қоғамдағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлардан туындаған күнделікті әңгімелердің десаκραлизацияланған сюжеттері болды.

Е. Тұрсыновтың пікірінше, қалыптасқан тұрмыс-салт ертегілері дуальды-мифологиялық баяндау дәстүрінен мыналарды алды, олар: а) адам тегі, тайпасы шегіндегі локализация; б) адамдарды кейіпкер ретінде шығару; в) кейіпкерлер түсетін күлкілі жағдайлар дәстүрі [2, 45].

Қорыта келгенде, Е.Тұрсыновтың зерттеулері бойынша тұрмыс-салт ертегілері ертегінің кенже жанр түрі емес, оның тарихы мыңжылдықтармен есептеледі. Түп тамыры жоғарғы палеолит дәуіріндегі алғашқы тайпалардың шығармашылығынан басталады. Сонымен бірге тұрмыс-салт ертегілері фольклорға өзіндік дәстүр бастауларын әкелгені сөзсіз. Едіге Тұрсыновтың «Қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисі» атты туындысы тарихи-типологиялық зерттеу болып табылады. Аталған еңбегінде ертегінің жанрлық ерекшелігін ғылыми дәйектілікпен анықтап берді. Ғалымның тұрмыс-салт ертегілер жөніндегі зерттеулерімен қатар жалпы ертегітану ғылымы, ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдерін зерделегені, Қорқыт жөніндегі зерттеулері, фольклорлық мұраны жинауы, ғылыми мұрасы бірегей зерттеу болып табылады және олардың бүгінгі ғылымға да беретіні мол.

### **Пайдаланылған деректер тізімі**

1 **Турсунов, Е. Д.** Происхождение носителей казахского фольклора [Текст]. – Алматы : Дайк – Пресс, 2004. – 322 с.

- 2 **Турсунов, Е. Д.** Генезис казахской бытовой сказки. В аспекте связи с первобытным фольклором [Текст]. – Алма-Ата : Наука, 1973. – 215 с.
- 3 **Әуезов, М. О.** Уақыт және әдебиет [Мәтін]. – Алматы : ҚМКӘБ, 1962. – 427 б.
- 4 **Жұмалиев, Қ. Ж.** XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті [Мәтін]. – Алматы: Ғылым, 1975. – 437 б.
- 5 **Золотарев, А. М.** Родовой строй и первобытная мифология [Текст]. – Москва : Наука, 1964. – 297 с.
- 6 **Байтұрсынұлы, А.** Әдебиет танытқыш. Қазақ [Мәтін]. – Астана : «Алашорда» ҚҚ, – 2022. – 592 б.
- 7 **Валиханов, Ч. Ч.** Сочинения в 5 томах, т.1 [Текст]. – Алма-ата, 1961. – 778 с.
- 8 **Алексеев, Н. А.** Материалы о религиозных верованиях якутов как историко-этнографический источник. СЭ [Текст]. – Новосибирск, 1966. – №2. – С. 22–33.
- 9 **Әуезов, М. О.** Әр жылдар ойлары [Мәтін]. – Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 480 б.
- 10 **Hewitt, J. N. B.** Iroquoian cosmology [Text]. – 21th Annual Report of the Bureau of American Ethnology to the Secretary of the Smithsonian Institution, 1903. – P. 127–360.
- 11 **Турсунов, Е. Д.** Казахская бытовая сатирическая сказка: Автореф. дис. на соискание ученой степени канд. филол. наук [Текст]. – Алма-Ата, 1968.

## References

- 1 **Tursunov, E. D.** Proishozhdenie nositelei kazahskogo fol'klora [The origin of the carriers of Kazakh folklore] [Text]. – Almaty` : Dajk – Press, 2004. – 322 s.
- 2 **Tursunov, E. D.** Genезis kazahskoi bytovoi skazki. V aspekте svyazi s pervobytnym fol'klорom [Genesis of the Kazakh household fairy tale. In the aspect of connection with primitive folklore] [Text]. – Alma-Ata : Nauka, 1973. – 215 s.
- 3 **Áуезов, М. О.** Ўақыт және әдебиет [Time and literature] [Máтин]. – Almaty : QMKÁB, 1962. – 427 b.
- 4 **Zhumaliev, Q. Zh.** XVIII–XIX gasy`rlardagy` qazaq ádebieti [Kazakh literature of the XVIII-XIX centuries][Máтин]. – Almaty` : Gy`ly`m, 1975. – 437 b.
- 5 **Zolotarev, A. M.** Rodovoj stroj i pervoby`tnaya mifologiya [Ancestral system and primitive mythology] [Text]. – Moskva : Nauka, 1964. – 297 s.
- 6 **Bajtursy`nyly`, A.** Ádebiet tany`tqy`sh. Qazaq tilinde [Literature guide. In Kazakh] [Máтин]. – Astana: «Alashorda» QQ, – 2022. – 592 b.
- 7 **Valixanov, Sh. Sh.** Sochineniya v 5 tomah, t.1 [Essays in 5 volumes, vol. 1] [Text]. – Alma-ata, 1961. – 778 s.

8 **Alekseev, N. A.** Materialy` o religiozny`h verovaniyah yakutov kak istoriko-e`tnograficheskij istochnik. SE` [Materials on the religious beliefs of the Yakuts as a historical and ethnographic source. SE] [Text]. – Novosibirsk, 1966. – № 2. – S. 22–33.

9 **Áuezov, M. O.** Ár zhy`ldar ojlary` [Thoughts of different years] [Mátin]. – Almaty` : Qazaqty`n memlekettik korkem ádebiet baspasy`, 1959. – 480 b.

10 **Hewitt, J. N. B.** Iroquoian cosmology [Text]. – 21th Annual Report of the Bureau of American Ethnology to the Secretary of the Smithsonian Institution, 1903. – P. 127–360.

11 **Tursunov, E. D.** Kazahskaya bitovaya satiricheskaya skazka : Avtoref. dis. na soiskanie uchenoi stepeni kand. filol. nauk [Kazakh household satirical fairy tale : Autoref. diss. for the degree of Candidate of Philology] [Text]. – Alma-Ata, 1968.

Басып шығаруға 30.11.23 қабылданды.

\*Г. Б. Алимканова

Торайгыров университет,  
Республика Казахстан, г. Павлодар.  
Принято к изданию 30.11.23.

## РОЛЬ Е. ТУРСЫНОВА В ИЗУЧЕНИИ ГЕНЕЗИСА КАЗАХСКИХ БЫТОВЫХ СКАЗОК

*В статье рассматриваются специфика, место в области фольклористики известного казахстанского ученого, фольклориста, доктора филологических наук Едыге Даригулулы Турсынова, анализируются литературно-теоретические явления ученого в труде «Генезис казахской бытовой сказки».*

*Произведение, вдохновившее на научную мысль, доказало ошибочность представления о том, что бытовые сказки сформировались позднее, чем другие виды сказок, и использовало метод комплексного изучения фольклора, опираясь на знания истории, языкознания, культурологии, этнографии, используя фольклорный материал всех тюркско-монгольских, а также многих народов мира.*

*Проблема этногенеза, как и исторического становления казахского народа, рассматривается в преемственности с тюркским этногенезом при изучении фольклора древних времен. Ученым анализируется исследование генезиса казахских сказок в связи с мифологическими и тотемными представлениями первого общества. Описывается умение*

*Е. Турсынова всесторонне раскрывает сюжетные линии и образы героев бытовой сказки. В статье содержится исследование фольклористом системы персонажей, их генезиса, деятельности в связи с античными мировоззренческими установками и историческими изменениями. В упомянутом произведении Едиге Турсынова анализируется и научно описывается жанровая особенность бытовой сказки.*

*Ключевые слова: бытовая сказка, генетические проблемы, сказочная традиция, дуалистическая мифология, дуалистический взгляд, мифическое познание, сюжетные события.*

\*G. B. Alimkanova

Toraighyrov University,  
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.  
Accepted for publication on 30.11.23.

## **THE ROLE OF E. TURSYNOV IN THE STUDY OF THE GENESIS OF KAZAKH HOUSEHOLD FAIRY TALES**

*The article examines the specifics of the famous Kazakh scientist, folklorist, and Doctor of Philology Edyge Darigululy Tursynov's place in the field of folklore studies and analyzes the literary and theoretical phenomena of the scientist in the work «Genesis of the Kazakh household fairy tale».*

*The work, which inspired scientific thought, proved the fallacy of the idea that everyday fairy tales were formed later than other types of fairy tales, and used the method of a comprehensive study of folklore, relying on knowledge of history, linguistics, cultural studies, ethnography, using folklore material of all Turkic-Mongolian, as well as other nations.*

*The problem of ethnogenesis, as well as the historical formation of the Kazakh people, is considered in continuity with the Turkic ethnogenesis in the study of folklore of ancient times. The study of the genesis of Kazakh fairy tales by the scientist in connection with the mythological and totemic representations of the first communal society is analyzed. E. Tursynov's ability to comprehensively reveal the storylines and images of the heroes of a household fairy tale is described. The article contains a study by a folklorist of the system of characters, their genesis, and activities in connection with ancient ideological attitudes and historical changes. In the mentioned work of Edige Tursynov, the genre feature of a household fairy tale is analyzed and scientifically described.*

*Keywords: household fairy tale, genetic problems, fairy tale tradition, dualistic mythology, dualistic view, mythical cognition, plot events.*

Теруге 30.11.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,61 МБ RAM

Шартты баспа табағы 26,59. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4165

Сдано в набор 30.11.2023 г. Подписано в печать 29.12.2023 г.

Электронное издание

3,61 МБ RAM

Усл. печ. л. 26,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова

Заказ № 4165

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)